

МАД «Сұңқар мен Құлыншақ» тобы
Тақырыбы: Ормандағы «Алтын күз»

Тәрбиеші Қиясқызы Айжан

Боранбаева Элмира

2023 ж

Тақырыбы:

Ормандағы «Алтын күз»

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Көрнекіліктер: Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Жапырақтардың суреттері және т. б.

Жүргізуші:

Қараша күз келді, күз келді

Жапырақ жауып іздерді.

Күс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Ормандағы

«Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Құлыншақ: Жеміс жидектер ұйықтап отырады, Әуен қосылып күн саулесін шашады.

Сұңқар: Жаңбыр би

Айдана: Сіркіреп нөсер басылда

Қап қара бұлттар ашылды

Бар әлемге нұр сыйлап

Күн шуағы шашылды

Ояныңдар ояныңдар

Альбина: Кемпіркосак

Жауын жауып өткенде,

Көрсен шіркін, жерімді

Қызыл

Жасыл

Көкпенбек

Кемпір косак өрілді

Түсінбей- ақ әуремін

Неге осылай болды екен

Құлыншық: Оянады әуенмен, ортаға келеді

Аиша

Думан толы асқарлы

Күзгі мезгілі басталды

Күз әуені кп жетті

Әнге бөлеп жастарды

Рамина

Алтын, сары, қызыл көк

Алуан алуан жапырақ

Күзгі бакта күлімдеп

Көз тартады атырып

Ильяс

Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз

Құлыншак: Күзгі вальс

Күз ханшайымы: Уа халайық, дархан далам армысың!

Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін.

Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,

Алмақ болып бар халқымның алғысын.

Мен күзгі ханшайыммын сендерді көргеніме қуаныштымын.

Еламан: Ханшайым ханшайым бізді күтіңіз! Күз ханшайымы бізден бұрын кетіп қалыпсыз әрең жеттік.

Коян, Қасқыр, Түлкі, Тиын әуенмен кіреді.

Қасқыр: Достарым Күз ханшайымына өнерімізді көрсетемізба?

Алинұр

Қасқыр орманда жортады,

Аяздан ол қорқады,

Аспанға қарап ұлиды

Ауылда малды ториды

Расул

Секең – секең ақ-коян,

Саған не деп ат қоям

Сәбіз берем, шөп шалаң

Көжегінді бақ қоян

Самир

Томпаң – томпаң жүретін

Аю үлкен жануар,

Болды жақсы көретін

Аю деген жануар

Абдуллах

Қорбандаған аюды

Құлпынай көп екен

Теріп -теріп аламыз

Қалтамызға саламыз

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар!

Залға жарық түскенде Күн, Кемпіркосақ, Ханшайым өздерін таныстырады

Таныстырады: Күн - сары болып көрінгенмен шындығында күннің түсі ақ екен. Ол орасан зор энергия бөліп шығарады. Ғалымдар күн батареясын ойлап тапқан, бұл арқылы үйді жылытып, электр тоғын алуға болатынындәлелдеген. Күннің жарығы көрінбейтін және көрінетін шуақтардан тұрады. Көрінбейтін шуағына –ультра күлгін шуағы жатады. Міне солардың әсерінен біздің терімізде адам ағзасы үшін маңызды-

Д дәрумені бар. Егерде күн шуағын дұрыс пайдаланбасақ, зияны да болады. Мысалы: күн тимеу үшін басымызға бас киім киіп жүру керек, күн тиген жағдайда теріге арналған май бар екен.

Кемпіркосак - дегенде бәріміздің есімізге жарқын, түрлі-түсті, ашық түстер есімізге түседі. Бізге кемпіркосақтың қандай түстерден тіпті, оның жаңбырдан кейін пайда болатын құбылыс екені де бәрімізге мәлім болар. Бірақ, бұл әдемі құбылыстың қалай түзілетінін, қандай түрлері бар екенін білеміз бе? Кемпіркосак сәуле түсіру арқылы, жаңбырдың суынан, кейде тұманан пайда болатын әдемі құбылыс. Жарық ауаға қарағанда су арқылы баяу өтеді екен. Жеті әдемі түстен құралған кемпіркосак жеті доғадан тұрады.

Ханшайым

Кемпіркосак: Біз сендерге құры қол келмедік. Балалар сендерге ойымыз бар.

Күз ханшайымы: Балалар күз айында қандай көкеністерді жинаймыз? Қане кім біледі? Соның ішінде картоп. Олай болса менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Қане ойын ойнаймызба?

Балалар менімен ойнайсындар ма?

Балалар: Ия

Қоян: Ендеше ойынымызды бастайық.

Күз ханшайымы: Ойынның аты «Кім жылдам» Олай болса ойынның шарты: Екі топты ортаға шақырамын, екі қатарға тұрамыз, қасықтың көмегімен картопты алып себетке жинаймыз. Қасықты артымызда тұрған балаға береміз жылдам жылдам. Түсініктіме! Қане ойынымызды бастайық.

Күз ханшайымы: Жарайсындар, екі топта жылдам екен.

Кемпіркосак: Олай болса құлыншак тобының биін тамашалайық

Құлыншак: Жаңбыр биі

Күз ханшайымы: Сұңқар тобының такпақтарын тыңдайықшы

Сафина

Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша

Қандай әсем күз

Ильвина

Жеміс жидек пісті

Қамбаға астық түсті

Қызу жұмыс басталып

Жинап алды жан салып

Раяна

Көктем көзін бір алмай

Қызғылт тартып нәрі күз

Жер қызығын қия алмай

Маужырап тұр сары күз

Аида

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жаркыраған сәулелі
Күз әуені төгілді

Күз ханшайымы: Жарайсындар!

Кемпіркосак: Балалар менінде сендерге дайындаған ойыным бар. Қане ойнаймызба?

Балалар: Ия

Кемпіркосак: Олай болса екі топтан 3 баладан менің жаныма келсін. Ойын «Кім тапқыр» менің қолымдағы себетте жасырылған жеміс бар. Мен сендердің ауыздарыңа жемісті саламын, сендер қай жеміс екенін айтасындар. Түсініктіме!

Күз ханшайымы, Күн қане балалардың көзін байлауға көмектесіп жібересіздерме?

Балалар мен көздеріңді ашқанда ғана айтамыз қай жеміс екенін. Айқайламаймыз.

Кемпіркосак: Құлыншақ тобының «Қырманға кел қалкатай» ұлдар би

Күн: Балалар менінде сендерге ойным бар. Ойын: «Күн шуағы»

Күз ханшайымы: Балалар сендер жылдам, алғып өнерлі балалар екенсіңдер!

Кемпіркосак: Күз ханшайымы сіз Сұңқар тобының биін көрмедіңіз. Ортада Сұңқар тобы.

Күз ханшайымы:

Берекелі бак - дәулет

Арта түссін тойланып,

Сау болыңдар, балалар

Келгенше жыл айланып.

Осы кезде әуен ойналады, Күз ханшайымы қоштасып кетеді.

Сұңқар: Ән

Қортынды:

Жүргізуші: Бүгінгі Құлыншақ тобымен Сұңқар тобының Арайлы алтын күз атты мерекесі аяқталды. Зейін қойып тыңдағандарыңызға мың алғыс!

Александр: [signature]